



В очаге производства

Наш регион посетило руководство Палаты предпринимателей области Ұлытау. Гости побывали на промышленных предприятиях, осуществляющих деятельность в Каражале и Жайреме, выставке участников и финалистов проекта «Одно село – один продукт», а также встретились с представителями местного бизнес-сообщества.

Асель КУРБАЛОСОВА

Делегация была представлена директором Палаты предпринимателей области Ұлытау Гульмирой Каженовой, председателем Регионального совета Сакеном Шаяхметовым, заместителем директора по правовым вопросам Палаты Галымжаном Сутбаевым и начальником отдела внутривосточной ценности Департамента отчетности и анализа снабжения ТОО «Корпорация Казахмыс» Баурыжаном Бекмановым.

Сакен Шаяхметов прибыл сюда с ознакомительным визитом: Региональный совет он возглавил совсем недавно. По большому счету, для него это общественная нагрузка. Основное место работы - ТОО «Корпорация Казахмыс», где он с марта 2022 года занимает должность управляющего директора по устойчивому развитию и GR.

Вообще его портфолио вызывает уважение. Свой трудовой путь начинал в 2011 году помощником механика на заводе «Болашак» (Атырауская область).

В 2012-2014 годы являлся экономистом по разработке компании Caspi Meruerty Operating Company B.V (компания занимается проведением геологиче-

Лучше один раз увидеть



ской разведки и изысканий). В 2017-2018 годы - советник Премьер-Министра РК. Затем до назначения на нынешнюю должность был заместителем акима Павлодарской области по вопросам инвестиций, развития предпринимательства и СЭЗ.

Высшее образование Сакен Шаяхметов получал в зарубежных вузах: Техасский университет, США (The University of Texas), «Нефтегазовое дело», «Экономика»; Китайско-Европейская международ-

ная школа бизнеса, КНР (China Europe International Business School), магистр делового администрирования; Университет Тафтса, США (The Fletcher School of Law and Diplomacy, Tufts University), «Магистр гуманитарных наук в области права и дипломатии».

Согласно справке, предоставленной пресс-службой Палаты предпринимателей области Ұлытау, проходил специализированную оплачиваемую практику в

таких компаниях, как Chevron (США), J.P. Morgan (Великобритания), Citibank (Алматы) и World Bank (США). Входит в топ-3 Президентского молодежного кадрового резерва.

Неудивительно, что посещая промышленные площадки региона, он демонстрировал знание предмета беседы.

Продолжение в следующем номере...

Қалалық мәслихатта

Үш негізгі мәселе талқыланған мазмұнды сессия

Қаражал қалалық мәслихатының сегізінші шақырылымының кезекті XLV сессиясы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей ықпал ететін өзекті мәселелерді кеңінен қамтып, мазмұны терең, талдауы жан-жақты болған маңызды жиын ретінде өтті.

Қала басшылығының, депутаттар корпусының, қоғамдық кеңес мүшелерінің, сондай-ақ, бөлім және мекеме басшыларының қатысуымен өткен бұл сессияда өңірдің бүгінгі даму бағыттары мен болашақтағы басымдықтары айқындалып, нақты міндеттер белгіленді. Сессия барысында ұйымдастырушылық сипаттағы бірқатар мәселелер қаралғанымен, негізгі назар үш маңызды бағытқа — бюджет орындалуы, денсаулық сақтау жүйесінің жай-күйі және білім беру саласының даму деңгейіне аударылды.

2025 жылғы қала бюджетінің және Жәйрем мен Шалғы кенттері бюджеттерінің орындалуы туралы ұсынылған есептер сессияның өзекті бөлігі болды. Қала әкімінің орынбасары Аманқазы Наукенов пен Жәйрем кентінің әкімі Қайрат Жансағымов берген мәліметтерге сәйкес, есепті кезеңде



қала экономикасында жалпы оң серпін қалыптасқан.

Өнеркәсіп өндірісінің көлемінің өсуі, инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуы, құрылыс саласының қарқын алуы бюджеттік кірістердің ұлғаюына тікелей әсер еткен. Әсіресе, салықтық түсімдердің артуы өңірдегі экономикалық белсенділіктің нығайғанын көрсетеді. Бұл — кәсіпкерлік қызметтің дамуы

мен өндірістік әлеуеттің кеңеюінің айғағы.

Бюджет қаражатының жұмсалуды да әлеуметтік бағыттылығымен ерекшеленді. Қаржының басым бөлігі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, инфрақұрылымды дамыту, көлік жүйесін жетілдіру секілді халықтың күнделікті тұрмысымен тығыз байланысты салаларға бағытталған.

→ 3-бет.



АСЫҒЫҢЫЗ, АҒАЙЫН!

Өздеріңіздің сүйікті «ҚАЗЫНАЛЫ ӨҢІР» газетіне 2026 жылдың ІІ жарты жылдығына жазылу науқаны басталды. Басылым аймақта болып жатқан ең елеулі оқиғалар туралы шұғыл әрі дәйекті түрде ақпарат беріп, сондай-ақ, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық тақырыпты қозғайды

• ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ
ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН:

6 айға – 1800 теңге.

• ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН:

6 айға – 4500 теңге.

• ЕҢБЕК АРДАГЕРЛЕРІ ҮШІН

30% жеңілдік қарастырылған.

Байланыс нөміріміз: 2-61-02

Аймақ дамуы

Қуаныш қазығы қағылған күн



Ескі Жәйрем кентінде ел еңсесін көтерген, жұрт көңіліне үміт ұялатқан айрықша оқиға болды. Көптен күткен көпфункционалды ауа тіректі спорт кешенінің құрылысы басталып, жаңа нысанның алғашқы қазығы қағылды.

Бұл жай ғана құрылыс бастау емес, өңірдің ертеңіне деген сенімнің, жастардың болашағына жасалған нақты қамқорлықтың көрінісі. Салтанатты сәтке жиналған көпшілік бұл күннің мәнін терең сезінді. Кент әкімі Қайрат Жансағымов, Қаражал қалалық мәслихатының депутаты Марлан Шамбулов, ақсақалдар, қоғамдастық мүшелері мен спорт саласының өкілдері, жастар және мердігер ұйым - «ALEL CONSTRUCTION» ЖШС қызметкерлері қатысқан шара қазақы дәстүрмен басталып, ақсақалдардың ақ батасымен өрнектелді. Ел ағаларының байыпты тілегі мен шынайы ниеті жаңа істің берекелі болуына бағытталды. Бұл тек құрылыстың басталуы ғана емес, атадан балаға жалғасқан рухани сабақтастықтың, елдік дәстүрдің бүгінгі көрінісі еді.

Бой көтеретін нысан - заман талабына сай, ауа тіректі құрылым негізіндегі көпфункционалды спорт кешені. Бұл кешен жыл бойы жұмыс істеп, ауа райына қарамастан спортпен шұғылдануға мүмкіндік береді. Мұнда шағын футбол ойнап, волейбол, теннис секілді спорт түрлерімен айналысып қана қоймай, күрес залында жаттығып, түрлі жарыстар өткізуге барлық жағдай жасалмақ. Яғни, бұл ғимарат тек спорт іздеген жанға емес, салауатты өмірді таңдаған әр тұрғынға есігін айқара ашатын орта болады.

Жаңа кешеннің бой көтеруі, әсіресе, жастар үшін үлкен мүмкіндік. Енді олар бос уақытын мәнді өткізіп, өз қабілетін шыңдап, денсаулығын нығайта алады. Бұған дейін арман болып көрінген жағдай енді шынайы өмірге айналмақ. Осындай мүмкіндіктердің арқасында Жәйремнен талай дарынды спортшы шығып, ел намысын қорғайтын күн де алыс емес.

Жалпы, мұндай нысандардың салынуы - өңірдің дамуы мен халықтың өмір сапасына тікелей әсер ететін маңызды көрсеткіш. Спорт - тек дене шынықтыру ғана емес, ол тәртіп, табандылық пен мақсатқа ұмтылудың мектебі. Ал сол мектептің іргесі дәл бүгін Жәйремде қаланды.

Қаз айларында пайдалануға берілуі жоспарланған бұл кешен ел болашағына салынған сенімнің айғағы. Себебі, әр спорт алаңы - тәрбиенің, әр жаттығу залы - мүмкіндіктің бастауы. Сондықтан, бұл бастама тұрғындар үшін зор қуанышқа айналып отыр. Жәйремде басталған бұл құрылыс тыныс-тіршіліктің жаңарып, өмір ырғағының өзгеріп келе жатқанын білдіреді. Бүгінгі сенім ертеңгі нәтиже боларына жұрт бек сенеді. Ал ел тілегімен басталған іс әрдайым берекелі болмақ.

Теректі ШАҒАТАЙ.

21 мамыр – мәдениет және өнер қызметкерлері күні

Мәдениет пен өнер — ұлттың жаны, халықтың рухани болмысының айнасы. Ұлттық кодты сақтап, оны келер ұрпаққа аманаттау жолында аянбай еңбек етіп жүрген мәдениет қызметкерлерінің қоғамдағы орны әрқашан ерекше. Жақында Қаражал қаласында дәл осы руханият майталмандарының мәртебесін асқақтатқан, жүрекке жылылық ұялататын әдемі қабылдау өтті.

Руханият майталмандарын салтанатты қабылдау



Жазира СЕЙДҒАБИҚЫЗЫ

Мәдениет және өнер қызметкерлерінің төл мерекесіне орай ұйымдастырылған бұл жиын — тек кәсіби мейрам ғана емес, қаланың мәдени тынысына жан бітіріп жүрген жандарға деген шынайы құрметтің белгісі болды.

Салтанатты кездесу барысында Қаражал қаласы әкімінің орынбасары Диана Оспанбекова мен қалалық мәслихат төрағасы Зәмзәгүл Оспанова сөз сөйлеп, жиналған қауымды айтулы мерекелерімен шын жүректен құттықтады. Олар өз сөздерінде мәдениет саласының қоғам өміріндегі маңыздылығына тоқталып, Қаражалдың өсіп-өркендеуіне қосқан еңбектерін ерекше атап өтті.

- Мәдениеті жоғары халықтың еңсесі де биік, болашағы да жарқын болады. Сіздердің әрқайсысыңыз — халықтың рухани сусынын қандырып, өңірдің мәдени келбетін қалыптастырып жүрген шынайы өнер жанашырларысыздар, - деп жылы лебіздерін білдірді.

Шараның ең айтулы әрі салтанатты сәті — Қаражал қалалық мәслихатының Алғыс хаттарын табыстау рәсімі болды. Мәдениет саласында жүрген екі ұжымға табысталған бұл марапаттар — бүкіл мәдениет майталмандарының қажырлы еңбегіне көрсетілген биік құрмет пен шынайы алғыстың нышанына айналды.

Жылы шырайлы, асқақ рухта өткен бұл шара мәдениет қызметкерлеріне ерекше шабыт сыйлады. Өнер мен кітап әлемінде жүрген жандардың еңбегін бағалау — қоғамның рухани кемелдігінің айқын көрінісі.

Мәдениет пен өнер саласы — қызығы мен қиындығы қатар жүретін, асқан жауапкершілікті талап ететін ерекше майдан. Бүгінгі қабылдау руханият жанашырларының қоғамдағы мәртебесін тағы бір мәрте айқындап, олардың қала дамуына қосқан үлесін жоғары деңгейде бекітіп берді. Ұлттық құндылықтар мен рухани қазынаны дәріптеген бұл салтанатты жиын — еңбекті бағалау мен өнерді ұлықтаудың шынайы үлгісі ретінде көптің көңілінен шығары сөзсіз.

Мереке шуағы

Отбасы – адам баласының алтын ұясы, жылылық пен мейірімнің, таусылмас бақыттың мекені. Әрбір қоғамның діңгегін бекітіп, ұрпақ пен ұрпақты табыстыратын бұл қасиетті ұғымның мәні ерекше. Осындай ұлағатты құндылықтарды дәріптеу мақсатында Халықаралық отбасы күніне орай Қаражал қаласында «Отбасы – бақыт мекені» атты мерекелік шара өтті.

Жазира СЕЙДҒАБИҚЫЗЫ

Мәдени-сауық орталығының мөрмәр залында ұйымдастырылған салтанатты кеш Өнер мектебі оқушыларының орындауындағы күмбірлеген күймен ашылып, жиналған қауымды бірден өнер әлеміне жетеледі.

Шараның басты мақсаты – қаламызда дәстүрлі түрде өтетін «Ұрпақтар сабақтастығын» көрсету, өнегелі отбасыларды көпшілікке үлгі ету болды. Сондықтан да бұл кештің төрінен алтын және күміс той иелері, жас шаңырақ көтергендер мен жаңадан дүниеге келген сәбидің ата-аналары орын алды.

Кештің шымылдығын ашып, құттықтау сөз сөйлеген Қаражал қалалық мәслихатының төрағасы Зәмзәгүл Оспанова отбасы құндылығының қоғам үшін маңыздылығына

Ұрпақтар сабақтастығы ұлықталды



тоқталып, кеш кейіпкерлеріне ізгі лебізін білдірді.

Салтанатты сәтте кеш қонақтарына арнайы марапаттар мен бағалы сыйлықтар табыс етілді. Атап айтқанда, жарты ғасыр бірге ғұмыр кешкен «Алтын шаңырақ» иелері – Кәдірсізовтер отбасы, ширек ғасыр отасқан «Күміс көреге» иелері – Қоғабаявтар мен Рысичтер отбасы, жаңадан отау тіккен жас отбасы – Ерқанат Қабдуллин мен Еркеназ Мерген ерекше құрметке бөленді. Сонымен қатар, осы қуанышты күні дүние есігін ашқан кішкентай кейіпкеріміз Айша Нағашыбектің

туу туралы куәлігі салтанатты түрде тапсырылды.

Кештің ең толқынысты да әсерлі сәті – неке жүзіктерін алмасу рәсімі болды. Бұл рәсімді ақжарма тілегімен және жылы лебізімен Тлеухор Байшукенова жүргізді.

Елу жыл бұрын тағдырларын тоғыстырып, бүгінде 4 баладан немере сүйіп отырған аяулы қарияларымыз Мұрат аға мен Тұяқ апа алтын тойдың белгісі ретінде жүзік алмасса, өмірлерін білім ордасымен байланыстырып, 3 бала тәрбиелеп отырған Жақыпбек Қадырбекұлы мен Мереке Қадылқызы 25 жылдық

махаббат шежіресін жаңғыртты.

Сондай-ақ, қаламыздың үлгілі шаңырақтарының бірі – екі перзент өсіріп, татулықтың туын тіккен Леонид және Оксана Рысичтер де ширек ғасырлық күміс тойларында жүзік алмасып, жиналған қауымның ықыласына бөленді. Мерейтой иелерінің вальс ырғағында билеген сәті кештің көркін аша түсті.

Мерекелік шара тек салтанатты сәттермен ғана емес, сонымен қатар, жарқын өнер туындыларымен де есте қалды. Шара соңында мерейтой иелері мен қонақтар ақжарма тілектерін ақтарып, қимас сәттерді таспаға мөрлеу үшін ерекше естелік фотоға түсті. Бұл сәт жай ғана сурет емес, қаламыздағы ұрпақтар сабақтастығының, өнеге мен ізгіліктің айқын шежіресі ретінде тарихта қалды.

«Отбасы – бақыт мекені» атты мерекелік кеш әрбір шаңырақтың түтіні түзу болып, босағасы берік, бірлігі бекем болуы керек деген асқақ идеямен аяқталды. Ортадағы ақсақалдардың баталы сөзі, күміс той иелерінің салмақты өнегесі және жас отаулардың жалынды үміті – Отанымыздың берік діңгегі. Осындай өнегелі де шуақты отбасылары бар елдің болашағы әрдайым жарқын, іргесі мықты, ал шаңырағы биік болмақ.

(Соңы. Басы 1-бетте).

Елді мекендердегі жолдарды жөндеу, абаттандыру жұмыстарын жүргізу, инженерлік желілерді жаңғырту бағытындағы жобалар тұрғындардың өмір сапасын арттыруға оң ықпал етуде. Сонымен бірге, әлеуметтік нысандарды дамытуға, халықтың әл-ауқатын жақсартуға арналған бағдарламалар да тұрақты түрде қаржыландырылған.

Алайда, есептерді талдау барысында бірқатар жүйелі мәселелер де ашық айтылды. Бюджет кірістерінің трансферттер мен қарыз қаражаттарына тәуелділігі жоғары деңгейде сақталуда. Бұл жергілікті бюджеттің дербестігін арттыру қажеттігін көрсетеді. Сонымен қатар, бастапқы

телмей, алдағы уақытта қаржы саясатын жетілдірудің нақты бағыттарын белгілеуге негіз болды.

Сессияда кеңінен талқыланған келесі маңызды мәселе – Қаражал-Жәйрем өңіріндегі денсаулық сақтау саласының жай-күйі болды. Бұл бағыттағы баяндамаларда халыққа көрсетілетін медициналық көмектің қолжетімділігі, сапасы, оның ішінде ана мен бала денсаулығын қорғау



жоспарлау сапасының жеткіліксіздігі, жыл ішінде бюджет көрсеткіштерінің бірнеше рет нақтылануы – қаржыны тиімді жоспарлау мәселесін қайта қарауды қажет етеді. Кейбір бюджеттік бағдарламалар бойынша қаражаттың толық игерілмеуі, мемлекеттік сатып алу рәсімдеріндегі кідірістер де тиімділікке кері әсер ететін факторлар ретінде аталып өтті.

Жәйрем және Шалғы кенттерінің бюджеттері де жалпы тұрақты орындалғанымен, олардың кіріс бөлігінде трансферттердің үлесі басым екендігі байқалды. Бұл өз кезегінде кенттердің экономикалық дербестігін арттыру, жергілікті кірістерді көбейту, шағын және орта бизнесті дамыту бағытындағы жұмыстарды күшейту қажеттігін айқындайды. Жалпы алғанда, бюджетке қатысты қаралған мәселелер тек атқарылған жұмысты бағалаумен шек-

мәселелері ерекше назарға алынды. Соңғы кезеңде ана мен бала өлімінің тіркелмеуі медициналық қызметтің тиімді ұйымдастырылғанының маңызды көрсеткіші ретінде аталды. Жүкті әйелдерді ерте медициналық есепке алу, профилактикалық тексерулерді күшейту, патронажды қызметтің жүйелі жұмыс істеуі бұл нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік берген.

Бұдан бөлек, өңірде онкологиялық және туберкулез ауруларын ерте анықтау мақсатында скринингтік бағдарламалар жүргізіліп, тұрғындар арасында аурулардың алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жалғасуда. Денсаулық сақтау ұйымдары тарапынан халықтың медициналық қызметке қолжетімділігін арттыруға бағытталған шаралар тұрақты түрде жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар, саладағы бірқатар

Үш негізгі мәселе талқыланған мазмұнды сессия



мәселелер де ашық айтылды. Ең өзекті проблемалардың бірі – кадр тапшылығы. Дәрігерлер мен орта буын мамандардың жетіспеушілігі медициналық қызмет сапасына әсер ететіні сөзсіз. Жас мамандарды тарту, оларды әлеуметтік қолдау, тұрғын үймен қамтамасыз ету бағытында жұмыстар жүргізіліп жатқанымен, бұл мәселені түбегейлі шешу үшін қосымша шаралар қажет екені атап өтілді.

Материалдық-техникалық база да жаңғыртуды талап ететін маңызды бағыттың бірі. Медициналық мекемелерді заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізіліп жатқанына қарамастан, кейбір ғимараттардың техникалық жағдайы жөндеу жұмыстарын қажет етеді. Сонымен бірге, денсаулық сақтау жүйесіне цифрлық технологияларды енгізу, электронды қызметтерді дамыту арқылы медициналық қызмет сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар жалғасуда.

Білім беру саласының жай-күйі де сессия барысында жан-жақты талқыланды. Қалалық білім бөлімінің басшысы Гүлбану Райсованың есебіне сәйкес, өңірдегі білім беру жүйесі тұрақты жұмыс істеп, негізгі көрсеткіштер бойынша оң нәтижелерге қол жеткізген. Қаладағы білім беру ұйымдары оқушыларды толық қамтып, жалпы орта

білім беру деңгейі жоғары көрсеткішке жеткен. Білім сапасы мен үлгерім деңгейі де тұрақты сақталып отыр.

Педагогтердің кәсіби деңгейін арттыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар өз нәтижесін беруде. Әдістемелік іс-шаралар, тәжірибе алмасу алаңдары, түрлі жобалар мен байқаулар мұғалімдердің шеберлігін шыңдауға ықпал етуде. Оқушылардың облыстық және республикалық деңгейдегі жарыстардағы жетістіктері де білім сапасының көрсеткіші ретінде бағаланды.

Сонымен қатар, әлеуметтік қолдау шаралары аясында аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан балаларға материалдық көмек көрсету, тегін ыстық тамақпен қамту, жазғы демалысты ұйымдастыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде іске асырылуда. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, спорт пен шығармашылық үйірмелеріне тарту, құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары да оң нәтиже беріп отыр.

Дегенмен, білім беру саласында да шешімін күткен мәселелер бар. Ең бастысы – педагог кадрлардың жетіспеушілігі. Бірқатар пәндер бойынша мамандар тапшылығы білім беру сапасына әсер ететін маңызды фактор ретінде қарастырылды. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын одан әрі нығайту, инфрақұрылымды дамыту бағытындағы жұмыстарды жалғастыру қажеттілігі атап өтілді.

Жалпы алғанда, кезекті XLV сессия өңірдің дамуындағы ең маңызды үш саланы қамтып, жан-жақты сараптау жүргізілген, мазмұнды әрі нәтижелі жиын болды. Қаржы, денсаулық сақтау және білім беру салаларының жай-күйі талданып, нақты проблемалар айқындалды. Депутаттар мен қоғамдық кеңес мүшелері тарапынан қойылған сұрақтар мен ұсыныстар мәселелердің тереңірек қаралуына мүмкіндік берді. Сессия барысында қабылданған шешімдер өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге, халықтың әл-ауқатын арттыруға және өмір сапасын жақсартуға бағытталған маңызды қарарлардың негізіне айналмақ.

Гайһар НАУРЫЗБАЕВА.

Актуально

**Точку в «долгоиграющем»
проекте по ремонту трассы
Атасу-Каражал планируют по-
ставить в следующем году.**

По информации заместителя акима области Ылтыау Алмаза Ыдырысова, набирают темпы работы по модернизации и асфальтированию автомобильной дороги, которая связывает наш город с республиканской трассой. Об этом он сообщил в ходе брифинга на площадке Службы региональных коммуникаций.

Как было отмечено, реконструкция участка 0-28 километр, который считается одним из важных направлений для жителей Каражала, будет завершена до конца текущего года. На этот же период времени запланирована сдача объекта в эксплуатацию.

Кроме того, начался средний ремонт участка 118-179 километр общей протяженностью 61 километр. В соответствии с графиком, в текущем году в эксплуатацию будет введено 25 километров дороги. Полное завершение этого отрезка транспортной артерии запланировано на 2027 год.

- В целом, проводимые работы направлены на улучшение качества дорог, облегчение транспортного сообщения между населенными пунктами и повышение безопасности движения, - подчеркнул спикер.

соб. инф.

Километры ударного труда



Мереке шуағы

Еліміздің мәдениеті мен өнерін өрге сүйреп, артына өшпес із, өнегелі шәкірт қалдырған тұлғалардың жөні бөлек, жөні ғана емес, жолы да ерек. Осындай сегіз қырлы, бір сырлы, ұлттық өнердің майталманы, мәдениет саласының ардагері – Әбдірәсіл Рақым. Оның жүріп өткен сара жолы – адал еңбектің шыңы, өнерге деген шексіз махаббат пен ұстаздық ұлылықтың жарқын, айнымас үлгісі.

Жазира СЕЙДҒАБИҚЫЗЫ

Әбдірәсіл Нығманұлы 1960 жылдың 10 мамырында қасиетті Арқа төсінде, Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданына қарасты Ақтау совхозында дүниеге келген. Балалық шағы тарихы терең, тағылымы мол, аталы сөз бен баталы уәде үзілмеген қасиетті Байдалы би ауылында өтті. Бір әке, бір шешеден тараған 8 ұл, 2 қыздың арасында еркін өсіп, еркелеп қанат қақты. Өмірдің жазмыш заңдылығымен екі ағасы бақилық болса да, қалған бауырлары бүгінде әр салада ел игілігі үшін абыроймен қызмет етіп, әулеттің мерейін өсіріп келеді.

Оның ата-анасы өз заманының өте сауатты, көзі ашық, көкірегі ояу (7 сыныптық білімі бар) адамдары болған. Ол уақытта 4 сынып бітіргендердің өзі мұғалім, завтехник болып, ел басқарып жатқан заманда, Әбдірәсіл Нығманұлының әке-шешесі билікке, мансапқа қызықпай, қарапайымдылықты серік етіп, мал шаруашылығымен айналысты, адал тіршілік кешкен нағыз еңбек адамдары еді.

Әкесі өнерден алыс болғанымен, кейіпкеріміздің бойындағы дарынның оянуына, киелі өнердің қыл пернесін басуына нағашы жұрты мен әулеттегі үлкендердің әсері мол болды. Ол өз бетінше домбыра шертетін немере ағасы Қасымның бауырында, соның мейірім толы тәрбиесінде өсті. Ал алғаш рет қолына қасиетті қара домбыраны ұстатып, өнер әлемінің есігін ашқан Әшім есімді ағасы еді.

Жүректегі өнерге деген ұшқынды лаулатып, маздаған жалынға айналдырған сәт – Дружбадағы 10 жылдық мектепте оқып жүргенде болды. Мектепке Әбдіғали Сейтенов есімді білікті маман, өз ісінің хас шебері келіп, балаларға домбыра үйрете бастайды. Ол Әбдірәсіл Нығманұлына Тәттімбеттің «Қосалқасы» мен Дәулеткерейдің сырлы күйлерін үйретті. Күндердің күнінде мектептегі күй тартатын барлық дарындар қатысқан үлкен байқау ұйымдастырылады. Сол жердегі қатысушылардың ішінде ең жасы Әбдірәсіл болса да, саусақтарынан күй төгіліп, асқан шеберлік танытты және Бас жүлдені (1орын) қанжығаға байлады. Міне, оның өнерге деген өмірлік махаббаты мен үлкен сахнаға бастар даңғыл жолы дәл осы сәттен бастау алған еді.

Арман қуған жас Әбдірәсіл Нығманұлы алғашқы кәсіби білімін Жезқазған музыкалық училищесінде, «Домбыра» кла-

Киелі өнер дарабозы



сы бойынша алды. Кейіннен білімін тереңдету, рухани көкжиегін кеңейту мақсатында Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетіне түсіп, 5 жыл бойы «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі» мамандығын оқып шықты. Бірақ, тағдырдың жазуымен және жүрек қалауымен бұл мамандық бойынша бірде-бір күн сабақ бермей, өзінің жан дүниесіне жақын, тамыры терең өнер саласында қалып, соған өмірін арнады.

Оның еңбек жолы сан-тарау қызметтермен, мазмұнды белестермен өрілді: туған ауылында мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі, 1995 жылдан бастап Қаражал қалалық мәдениет сарайының көркемдік жетекшісі, №1 жалпы білім беретін орта мектептің директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 2003 жылы Қарағанды қаласындағы №86 өнер мектебінде домбыра және ансамбль пәнінің оқытушысы, 2004 жылы Қаражал қаласы әкімінің арнайы шақыртуымен Қаражал қалалық мәдени-сауық орталығының директоры, қалалық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі бастығының орынбасары, 2005 жылдан бастап құрметті зейнет демалысына шыққанға дейін Қаражал қаласы «Балалар өнер мектебінің» басшысы қызметін абыроймен атқарды.

Ол басшылық қызметке келгенде бұл өнер ордасында небәрі 20-ға жуық қана оқушы болса, оның төгілген тері, қажырлы еңбегі мен ұйымдастырушылық қарымының арқасында мектептің мәртебесі өсіп, шәкірттер саны 300-ден асып жығылды. Аспаптық бөлімнен бөлек, бейнелеу өнері, хореография, театр және вокал сыныптары ашылып, қара шаңырақ нағыз таланттар соғылатын алтын ұяға, киелі өнер ордасына айналды. 2018 жылы мектепті Қазақстан Ұлттық ЮНЕСКО клубтары Федерациясының қатарына қосып, 2020 жылы «Ең танымал клуб» номинациясын жеңіп алды. Бұл – ерен еңбектің жемісі еді.

Әбдірәсіл Нығманұлы тек білікті басшы, шебер ұстаз ғана емес, сонымен бірге, жан дүни-

есі нәзік, сезімтал, нұрлы сазды жүрегімен ұғатын сазгер. Өмірдің түрлі белестерінде жүректен жарып шыққан 20-дан астам өндер мен күйлердің авторы. Бастауыш сыныптарға арналған «Өліппе», «Білімнің сара жолдары» әндері, №1 мектептің 50 жылдығына арнап жазылған «Мектеп маршы» (сөзі Қ.Дәулеткерімов), Қаражал қаласының 60 жылдығына арналған «Қаражалым» әндері халықтың жүрегіне жылылық ұялатып, сахна төрінен түспейтін, уақыт сынынан өткен туындыларға айналды.

«Балдәурен» орталығында өткен халықаралық конкурста ол басқаратын «Сырлы саз» домбырашылар ансамблі 1 орынды иеленді. Сол жерде ақтөбелік ақын Еркін Бақтияровпен танысып, оның жазған жауһар жыр шумақтарына өн шығарды. 2017 жылы сол «Балдәурен» өнінің тұсауын кескенде, ұйымдастырушылардың қатты риза болғаны соншалық, Әбдірәсіл Нығманұлының 10 оқушысына лагерьде тегін демалуға жолдама сыйлады. Бұл – өнердің өнерді тапқан, бағалаған сәті еді.

2012 жылдан бастап оның шәкірттері барған жерінен Гран-присіз қайтпайтын, алғы шептен көрінетін дара деңгейге жетті: 2012 жыл «Сәлем, Астана!» конкурсында алғаш рет дүбірлі 1орын, 2014 жыл Алматы қаласындағы байқауда Бас жүлде (Гран-при), 2019 жыл Ресей, Омбы қаласы, «Берега надежды» халықаралық байқауында «Сырлы саз» ансамблімен үлкен жеңіске жеткен болатын. Омбыдағы қазақ диаспорасы оларды ғаламтор арқылы танып, ат арытып келген өнерпаздарды зор құрметпен, ыстық ықыласпен күтіп алған еді.

Ел үшін өткен еңбек, төгілген тер ешқашан елеусіз қалмайды. Қаражал қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің бастамасымен Әбдірәсіл Нығманұлының ғибратты есімі мен өнегелі өнер жолы «Қазақстанның алтын кітабына» алтын әріптермен қаша-



Оның саналы ғұмыры ұстаздықпен, шәкірт тәрбиелеумен өтті. Зейнетке шыққанша шәкірттерін жетектеп, Қазақстанның түкпір-түкпіріне (Астана, Алматы, Бұрабай, Қапшағай) конкурстарға апарды. Әрі байқауға қатысып, әрі балалар жазғы демалыста көздері ашылып, сергіп қайтсын деген ұстаздық қамқорлығы мен әкелік мейірімі ерекше еді.

Есте қаларлық ерекше оқиға: 2014 жылы Бұрабайдағы

лып жазылды.

Оның омырауында жарқыраған марапаттар шоғыры – сіңірген еңбегінің, маңдай терінің жетектеп, Қазақстанның түкпір-түкпіріне (Астана, Алматы, Бұрабай, Қапшағай) конкурстарға апарды. Әрі байқауға қатысып, әрі балалар жазғы демалыста көздері ашылып, сергіп қайтсын деген ұстаздық қамқорлығы мен әкелік мейірімі ерекше еді.

Құрмет грамотасы мен Оқу-ағарту министрінің Алғыс хаты.

Өмірде де, өнерде де үлкен жетістікке жеткен Әбдірәсіл Нығманұлы, бүгінде үлгілі отбасының берік тірегі, балалары үшін асқар таудай әкесі. Жары Бақытгүл ханыммен (медицина саласының қызметкері, мектеп мейірбикесі) бірге 3 перзент тәрбиелеп, бүгінде Жәннат есімді немеренің сүйікті атасы мен әжесі болып, әулеттің берекесін кіргізіп отыр.

Балалары өнер жолын тікелей қумаса да, барлығының жүрегі өнерге жақын, жандары сұлулыққа құштар. Үлкен ұлы Құрманғазы – құқық қорғау саласының айбынды қызметкері, полиция майоры. Өзі тұйықтау болғанымен, әкесі үйреткен «Ямаха» аспабында және гитарада тамаша ойнап, жан дүниесін музыкамен тербейді. Қызы Зәрузат – Қарағанды қаласында белгілі журналист, сонымен қатар, әдемі ән айтатын дарыны бар. Кіші ұлы Исмаил – өнер мектебінің түлегі, фортепиано сыныбын бітіріп, домбыра мен пианинодан талай конкурстарда топ жарған дарынды жас.

Бүгінде ол Қаражал қалалық Ақсақалдар кеңесі төрағасының орынбасары ретінде қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, жастарға жөн сілтеп, жол көрсетіп отырған парасатты ел ағасы. Әбдірәсіл Нығманұлының кейінгі толқын жастарға айтар ақылы мен аманаты әрбір қазақтың жүрегіне жақтаулы тұруы тиіс.

«Қазақтың төл өнерін кеңінен насихаттау керек. Домбыра – жай ғана аспап емес, ол – киелі дүние, ұлттың тарихы, шежіресі әрі ұлттық санасы. Күй тартқан-

да да оның шығу тарихын, авторын жете біліп, сезініп орындау – әрбір өнерпаздың парызы».

Өнер деп аталатын киелі әлемнің дарабозы, мәдениеттің майталманы Әбдірәсіл Нығманұлына деніне саулық, отбасына амандық, шығармашылық ұзақ ғұмыр тілейміз. Оның салған сара жолы, артына қалдырған өшпес мұрасы өскелең ұрпаққа әрқашан темірқазық әрі жарық шамшырақ болары хақ.

Мерекешуағы

Мәдениет - ұлттың жаны, рухани тірегі. Сол руханиятты сақтап, кейінгі буынға аман жеткізетін тұлғалар - мәдениет және білім саласының адал еңбеккерлері. Осындай абыройлы міндетті өмірлік ұстанымына айналдырған азаматтардың бірі, Жәйрем кентіндегі № 10 мектептің мұғалімі - Фазыл Нұғыманов.

1967 жылдың 24 қаңтарында дүниеге келген Фазыл Белтайұлы - өнер мен білімді қатар алып жүрген, саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұлағатты ұстаз. Ол - өнегелі әке, аяулы жар, берекелі әулеттің тірегі. Бүгінде отбасында жұбайы Тоғжанмен бірге екі бала тәрбиелеп өсіріп отырған үлгілі әке ретінде де танымал.

Қазіргі таңда ол № 10 жалпы білім беретін мектепте музыка пәнінің мұғалімі ретінде табысты еңбек етуде. Ұстаздық жолында ол тек білім берумен шектелмей, оқушылардың бойына ұлттық өнерді, музыкалық мәдениетті, рухани құндылықтарды сіңіріп келеді. Әсіресе, жас ұрпақты өнерге баулу, олардың қабілетін ашу - ұстаздың басты мұратына айналған.

Фазыл Белтайұлының өнерге деген сүйіспеншілігі тегінен бастау алады. Ол қазақтың әйгілі қобызшысы Ықыластың жиен шөбересі. Бұл оның бойындағы табиғи талант пен өнерге деген ерекше бейімділіктің айғағы. Әкесі марқұм Белтай өн салған өнерлі жан болса, ағасы Арал (бұл кісі де о дүниелік болған) баян аспабында шебер ойнаған. Осындай өнерлі ортада тәрбиеленген ол да жастайынан музыкаға жақын болып өсті.

Өнердің өрелі өкілі



Өзінің кәсіби білім жолында Фазыл Белтайұлы Қарағанды қаласындағы Тәттімбет атындағы музыкалық колледжде білім алып, кейін Шымкент қаласындағы музыкалық институтта оқуын жалғастырды. Бұл білім ошақтары оның кәсіби шеберлігінің қалыптасуына үлкен ықпал етті.

Ол - көпасапты музыкант. Домбыра, гитара, баян, ямаха, балалайка, пианино, шаңқобыз, сазсырнай сынды түрлі аспаптарда еркін ойнайды. Мұндай жан-жақтылық оның шығармашылық әлеуетін айқын көрсетіп, оқушы-

ларына да үлкен үлгі болып табылады.

Ұстаздың еңбегі елеусіз қалған емес. Ол республикалық деңгейдегі музыканттар арасында өткен байқауларға қатысып, бірнеше мәрте жүлделі орындарға ие болды. Осы жетістіктері үшін дипломдармен, төсбелгілермен марапатталды. Сонымен қатар, облыстық білім беру ұйымдары, Қаражал қаласының әкімдігі мен түрлі мекемелер тарапынан алған мақтау қағаздары мен алғыс хаттары оның еңбегіне берілген жоғары баға.

Фазыл Белтайұлы республи-

калық «Үздік музыка мұғалімі» атағының және «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы» медалінің иегері. Бұл марапаттар оның тек кәсіби біліктілігін ғана емес, ел дамуына қосқан үлесін де айқындайды.

Отбасылық тәрбиеде де өнер мен білім сабақтастығы жалғасуда. Үлкен қызы Шахризада - Қарағанды мемлекеттік

жақты тәрбиеленген ұрпақтың айқын көрінісі.

Жұбайы да білім саласында, мектепте кітапханашы болып еңбек етуде. Осылайша, бұл отбасы толықтай білім мен мәдениет саласына қызмет етіп, қоғамның рухани дамуына үлес қосып келеді.

Мәдениет қызметкерлері күні - осындай өнер мен білімнің шамшырағына айналған жандардың еңбегін бағалауға арналған ерекше мереке. Фазыл



университетін тәмамдап, бүгінде Астана қаласындағы № 97 гимназияда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып еңбек етуде. Ол да әке жолын жалғап, ұстаздықты таңдаған.

Ұлы Нұрлан - Қарағанды мемлекеттік университетінде дене шынықтыру мамандығы бойынша білім алып, биыл дипломын алмақ. Бұл да жан-

Нұғыманов сол мерекеге лайық, ел алғысына бөленген тұлға. Оның өнегелі өмір жолы, өнерге адалдығы, ұрпақ тәрбиесіндегі қажырлы еңбегі кейінгі буынға үлгі. Осындай ұстаздар барда ұлттық мәдениетіміздің мерейі үстем, руханиятымыз биік болары сөзсіз.

Теректі ШАҒАТАЙ.

В акимате города

...Окончание. Начало в № 18 от 16.05.2026 г.

Далее речь зашла о строительстве инженерно-коммуникационной инфраструктуры на 11-ом квартале. Это важный для Каражала проект – его реализация позволит отхватить качественным централизованным теплоснабжением 11 объектов, в том числе жилые дома. Как отметил руководитель подрядной организации ТОО «Жана-Арка-2026» Нурым Беков, работы начнутся уже на этой неделе: все необходимые материалы закуплены, отводы к домам имеются.

Руководитель городского отдела строительства Светлана Милиус, в свою очередь, обратила внимание на то, что руководство Горкомхоза просит подрядчика совместно обсуждать устройство котла с учетом расположения топки.

- Очень тяжело работать кочегарам, если загрузка высокая, - объяснила она.

И. о. акима Каражала Аманказы Науменов четко обозначил позицию властей города: согласовывать вопрос с обслуживающей организацией, чтобы впоследствии не было вопросов.

Бурную реакцию общественников вызвало предстоящая прокладка нового водовода от водохранилища Клыч до города. Проект гидротехнического сооружения помимо трубопровода включает насосную станцию для перекачки воды и три резервуара для ее накопления. Труба

Чтобы не было вопросов



будет прокладываться подземным способом. У присутствующих сразу же возникли вопросы. Одних интересовало, зачем вообще закапывать трубы, вторых – почему глубина их заложения составляет всего полтора метра - если принимать во внимание уровень промерзания грунта, оптимальная глубина должна составлять 1,8 метра. По мнению первых, предлагаемый ими вариант существенно удешевит проект. Рационально, но никто не исключает вероятности кражи труб. Вторые настаива-

ли на том, что при существующих расчетах вода в трубах попросту замерзнет. И вот здесь необходимо принимать во внимание сезонную работу водовода (его единственное предназначение – снабжение города в летний период технической водой). Как заверили общественников, осенью будет производиться сброс воды.

Далее на обсуждение был вынесен вопрос строительства водозаборных сооружений на водохранилище. Как стало известно, в настоящее время заключен

договор на разработку проектно-сметной документации с ТОО «Строительная группа «Архитектор». И здесь оказалось все не так просто. По информации Светланы Милиус, возникли трудности с получением разрешения на специальное водопользование в Нура-Сарысуиской бассейновой инспекции.

- Пока мы его не получим - не согласуем проект, и ничего не можем делать. Также хочу спросить: как можно было отдать земли Клыча в частные руки на 49 лет?! В результате мы не можем никуда втиснуться, чтобы запроектировать сети, насосную станцию. Там даже нет прохода до пляжа. Очень много проблем! – подчеркнула она.

...Очевидно, эти проблемы будут решаться по мере их достижения критического уровня. А пока на повестке дня вопросы, находящиеся в компетенции акимата города. И тут подрядчики должны понимать, что они находятся под пристальным вниманием каражалцев.

- Пока депутаты и члены Общественного совета не дадут добро, заказчик не должен подписывать акт выполненных работ и, соответственно, производить оплату. Это будет гарантировать качество, - отметил Аманказы Боранбаевич.

Здоровье нации

На постоянном контроле

Медицинская помощь пациентам с сахарным диабетом оказывается в системе обязательного социального медицинского страхования.



Для проверки застрахованного статуса нет необходимости посещать медицинские или государственные учреждения. Услуга доступна в онлайн-формате через смартфон. Проверить статус можно с помощью Telegram-бота SaqtandyruBot, на официальном сайте Фонда социального медицинского страхования msqor.kz, в мобильном приложении Qoldau 24/7, на портале eGov.kz и в приложении eGov mobile, а также через мобильные приложения банков Kaspi, Halyk, БЦК, Freedom, Bereke, Home Credit, Евразийский банк и ForteBank.

Лечение пациентов с сахарным диабетом и их диспансерное наблюдение с нынешнего года будут осуществляться в системе ОСМС. Соответствующий Закон, направленный на совершенствование системы ОСМС, был подписан Президентом Республики Казахстан Касым-Жомартом Токаевым 14 июля 2025 года.

Как сообщили в пресс-службе Филиала по области Ұлытау НАО «Фонд социального медицинского страхования», эти изменения внедряются в соответствии с

международной практикой и направлены на обеспечение устойчивого финансирования медицинской помощи, повышение качества лечения и расширение доступа к современным медицинским технологиям.

Сахарный диабет – это хроническое заболевание, связанное с повышением уровня глюкозы в крови вследствие дефицита инсулина либо нарушения его действия. Заболевание подразделяется на сахарный диабет 1-го и 2-го типов.

В настоящее время в Казахстане насчитывается порядка 500 тысяч пациентов с сахарным диабетом. По данным электронной базы диспансерного учета, в области Ұлытау зарегистрировано таких 7 085 пациентов, из них 91- ребенок в возрасте до 18 лет.

Как подчеркнули в Фонде, сахарный диабет относится к заболеваниям, требующим пожизненного наблюдения и постоянного контроля специалистов. На ранних стадиях болезнь может протекать бессимптомно, однако при отсутствии контроля способна привести к серьезным осложнениям со стороны сердечно-сосудистой системы, почек, органов зрения и нервной системы.

Для эффективного контроля заболевания важны рациональное питание, физическая активность, регулярный контроль уровня сахара в крови и своевременное выполнение рекомендаций врача.

С 2026 года все виды медицинской помощи для пациентов с сахарным диабетом будут оказываться в системе ОСМС. Это включает приемы врачей, лабораторные и диагностические исследования, а также лекарственное обеспечение без необходимости дополнительных платежей.

Основным условием получения медицинских услуг остается наличие застрахованного статуса в системе ОСМС. В этой связи гражданам рекомендуется регулярно проверять свой страховой статус.

По вопросам, связанным с системой ОСМС, жители области Ұлытау могут обращаться в филиал Фонда социального медицинского страхования по адресу: город Жезказган, улица Холмезкого, 80 «А», либо по телефону 8 (7102) 99-61-93.

соб. инф.

К сведению!

Уважаемые жители и гости города Каражал!

В связи проведением путевых ремонтных работ на участке Атасу-Каражал (замена путей между Жанааркой и Каражалом общей протяженностью 19,2 километра) в период с 22 по 26 мая, 29 мая, с 4 по 8 июня текущего года движение поездов в указанные даты будет временно приостановлено.

Посадка и высадка на 2-классные вагоны будет осуществляться по станции «Жанаарка».

В указанные дни для перевозки пассажиров, которые прибывают поездом №№ 107/108 сообщением «Жезказган-Астана», будет предоставляться пассажирский автобус:

- отправление со станции «Каражал» в 21:30, прибытие на станцию «Жанаарка» в 00:00. Посадка/высадка - 20 мин;

- отправление со станции «Жанаарка» в 00:20 минут, прибытием на станцию Каражал в 03:00.

Важно: автобус предоставляется бесплатно и входит в стоимость билета. Дополнительная оплата не взимается.

По прибытии пассажиров, которым нужно выйти в городе, автобус довозит до города, а при необходимости — до вокзала или микрорайона. Все условия для комфорта пассажиров предусмотрены.

Справки по телефону: 8-775-139-58-76 (начальник станции «Каражал»), 8-747-691-65-50 (заместитель начальника станции).



Назар аударыңыз, конкурс!

«Еңбек жолы» республикалық конкурсын өткізу туралы хабарландыру

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «Еңбек жолы-2026» республикалық конкурсын өткізудің басталғаны туралы хабарлайды.

Конкурсты өткізу мақсаты - ұрпақтар сабақтастығын сақтау, еңбек адамдары туралы оң қоғамдық пікір қалыптастыру және жаңа еңбек әулеттерін құру үшін кәсіпорындар мен ұйымдарда жағдайлар жасау, қазақстандықтарда Қазақстан Республикасының экономикасын дамытуға елеулі үлес қосқан отандастарының жетістіктері үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу, жастарды еңбекке құрметпен қарау рухында тәрбиелеу.

Конкурсқа кәсіпорындардың барлық қызметкерлері қатыса алады (мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, салаға қарамастан).

Байқау 3 номинация бойынша өткізіледі:

1. «Үздік еңбек әулеті»

Бұл номинацияда ең ұзақ еңбек өтілі, ең көп марапаттары бар әулет таңдалады.

Еңбек әулеті - бір ұйымның үш және одан да көп ұрпағы болып табылатын, қазіргі уақытта еңбек қызметін жүзеге асыратын және конкурсқа қатысу үшін құ-

жаттар ұсынылған кезде осы кәсіпорында кемінде 20 жыл жиынтық жұмыс өтілі бар жұмыскерлер тобы.

2. «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері»

Бұл номинацияда конкурсқа қатысу үшін құжаттарды ұсынған кезде кемінде 20 жыл жұмыс өтілі бар ең жоғары тиімді тәлімгер таңдалады.

3. «Өндірістің үздік жас маманы»

Бұл номинацияда жұмыс өтілі 5 жылдан аспайтын, ең белсенді және еңбекқор өндіріс жұмыскері таңдалады.

Конкурс жеңімпаздарына тиісті диплом және ақшалай сертификаттар беріледі.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді «Qatqor.enbek.kz» платформасы арқылы, 2026 жылғы 1 шілдеге дейін тапсыру қажет.

«Еңбек жолы-2026» конкурсына қатысу қағидалары мен тәртібі туралы толық ақпарат алу үшін «Каражал қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-не хабарласуға болады (Каражал қаласы, Сары Тоқа көшесі, 1). Электрондық мекенжайы: karazhal_trud@mail.ru. Анықтама телефоны: 8(71032) 2-62-84.

Внимание, конкурс!

Объявление о проведении республиканского конкурса «Еңбек жолы»

Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан объявило о начале проведения республиканского конкурса «Еңбек жолы-2026», в рамках которого будут определены лучшие трудовые династии и работники производства.

Цель проведения конкурса - сохранение преемственности поколений,

создание условий на предприятиях и в организациях для формирования положительного общественного мнения о людях труда и создания новых трудовых династий, воспитание у казахстанцев чувства гордости за достижения соотечественников, внесших значительный вклад в развитие экономики Республики Казахстан, воспитание молодежи в духе уважительного отношения к труду.

В конкурсе могут участвовать все работники предприятий (вне зависимости от отрасли, за исключением государственных служащих).

Конкурс проводится по 3 номинациям:

1 «Лучшая трудовая династия» - выбирается самая многочисленная династия с самым продолжительным трудовым стажем, имеющая наибольшее количество наград.

Трудовая династия - группа работников одной организации, представляющая три и

более поколения одной семьи, осуществляющая трудовую деятельность в настоящее время и имеющая суммарный стаж работы на данном предприятии не менее 20 лет на момент предоставления документов для участия в конкурсе. Главой династии признается представитель трудовой династии, ранее всех начавший трудовую деятельность.

2. «Лучший наставник работающей молодежи» - выбирается самый высокоэффективный наставник со стажем работы не менее 20 лет.

3. «Лучший молодой работник производства» - выбирается самый активный и трудолюбивый работник производства со стажем работы не более 5 лет.

Победителям конкурса вручаются соответствующий диплом и денежные сертификаты.

Прием заявок на участие в конкурсе осуществляется через платформу «Qatqor.enbek.kz» до 1 июля 2026 года.

Более подробную информацию о правилах и порядке участия в конкурсе «Еңбек жолы» можно получить в ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Каражал» (г.Каражал, ул. Сары Тоқа, 1). Электронный адрес: karazhal_trud@mail.ru. Справки по телефону 8(71032) 2-62-84.

ТЖ ескертеді!

Суда абай болыңыздар!

Қаражал қаласының төтенше жағдайлар бөлімі суға шомылу маусымы уақытында өзіңізге және балаларыңызға ерекше қамқорлық танытуға шақырады. Суда абай болыңыз, тәртіп ережесін орындаңыз. Бұл өкінішті оқиғаларға ұрынудан және туғандарыңыз бен жақындарыңызды уайымнан сақтайды. Жақсы жүзе білетіндерге, суда сақтық шараларын орындап, абай болғандарға су қорқынышты емес.



Су айдындарында адамдардың апатқа ұшырау себебін талдасақ, суға батқандардың жартысы ережені бұзған азаматтардан құралса, үштен бірі мас күйінде, ал қалғандары – үлкендердің қарауынсыз қалған балалар екенін көреміз.

Сондықтан, сіз су айдынында демалып жатсаңыз да, қармақпен балық аулап отырсаңыз да, қашанда есте сақтап жүретін қарапайым ережелерді естеріңізге саламыз.

- Жүзе алмайтын болсаңыз, беліңізден жоғары болатын суға түспеңіз.

- Мас күйіңізде және тамақтанып алғаннан соң суға түспеңіз. Алкогольге қаныққан организмде өзін-өзі бақылау төмендейді, тыныс алу және жүрек қызметі ауырайды, адамды ұйқы басады.

- Таныс емес жерлерде шомылмаңыз. Тексерілмеген су айдыны, терең шұңқырлар, күшті ағыс, лайлы жер - осының барлығы адам өліміне және жарақаттануға әкеліп соқтырады. Егер сіз жақында ғана осы су айдынында шомылған болсаңыз да, түбін тексеріңіз.

- Балаларды қараусыз қалдырмаңыздар. Оларға су қоймалары бар аудандарда жалғыз жүруге рұқсат етпеңіз. Суда балалармен бірге демалып жатқан болсаңыз, әсіресе, шомылу

уақытында оларды жалғыз қалдырмаңыз. Таяз жерлерде де олармен бірге болыңыз. 14 жасқа жетпеген балаларға су қоймаларында жалғыз болуға тыйым салынады.

- Жағадан алысқа жүзіп кетпеңіз, сіздің әліңіз жетпей, бақытсыздыққа душар болуыңыз мүмкін.

- Өз-өзіңізді бақылауды ұмытпаңыз. Су айдындарында бәске жүзімеңіз, суық суда көп бөгелмеңіз. Денеңіз жаурап қалғанша суда шомылмаңыз. Есіңізде ұстаңыз, суда көп бөгелген жағдайда дене қатты тоңазып, тартылып қалуы, тыныс алу уақытша тоқтауы, есінен айрылып қалуыңыз мүмкін. Сондықтан, суда шомылу ұзақтығы 10-15 минуттан аспауы тиіс.

- Түнде суға шомылмаңыз: көру қабілеті төмендейді, адам бағдарлау мүмкіндігін оңай жоғалтады. Қорқыныш сезімі пайда болады. Сонымен қатар, жалғыз және үлкен толқында шомылмағаныңыз жөн.

- Өміріңізге қауіп төндіретін үрлемелі матрасқа сенбеңіз: олар кез келген уақытта суға батып кетуі немесе жарылуы мүмкін.

- Жүзу кезінде тақтайшаларды, жүзуге арналмаған доп және автомашина камераларын пайдаланбаңыз.

Әрбір адам суда болған бақытсыздыққа куәгер болған

жағдайда жедел жәрдем жеткенін күтпей, зардап шеккен адамға бірінші көмек көрсете білуі керек.

Батып бара жатқан адамға арқа жағынан жүзіп келген жөн. Жақындағанда оның басынан, иығынан, қолынан, жағасынан алып, бетін жоғары қаратып, жағаға қолын, аяғын еркін ұстап жүзу керек. Батып бара жатқан адамға қайықпен ағысқа қарсы, ал желді күні жел мен толқынға қарсы жүзіп жақындау керек. Құтқарылған адамды судан қайықтың артқы жағынан шығарып алу қажет.

Зардап шеккен адамды судан шығарып алғаннан кейін тез арада киімінің түймелерін ағытып, басын қырынан қойып, аузын құм мен лайдан тазалап, тыныс жолдарынан және асқазаннан суды шығару қажет. Зардап шеккен адамның басы дене деңгейінен төмен болу үшін өзіңіздің бүгілген тізеңізге жатқызуыңыз қажет. Бұл әрекеттердің барлығын жедел іске асыру қажет. Осыдан кейін қолдан дем алдыруға көшеді. Ең қарапайым әдіс - ауыздан ауызға ауа үрлеу. Жәбірленушіні бетімен жоғары қаратып жатқызып, бір қолыңызды мойнының астына, екінші қолыңызды маңдайына қойып, тыныс алу жолдарын ашу үшін басын артқа шалқайтыңыз. Үлкен және суқ саусағыңызбен жәбірленушінің танауын қысыңыз, терең дем алып, ерніңізбен ауызын қысып тұрып, қол орамалы немесе салфетка арқылы 1 минутта 18-20 рет ауа үрлеу қажет. Қолдан дем алдыру кәдімгі қалпымен демалғанша жалғасады. Егер көмек беруші екі адам болса, біреуі қолдан дем алдыруды жасайды, екіншісі - жүрегіне массаж жасайды: 1 демді ішке тарту - кезде клеткасын 4 басу. Жүрекке массажды және өкпедегі ауаны жаңартуды дәрігер келгенше жалғастыра береді.

Есіңізде ұстаңыз: зардап шеккен адамды кем дегенде тыныс алуы тоқтағаннан кейін 6 минуттың ішінде тірілтіп алуға болады.

Судың бойында демалғанда, жағада және суда сізге төнетін қатерлердің барын ұмытпаңыз. Адамдардың су айдындарындағы қауіпсіздігінің басты шарты - сақтық шараларын бұзбау.

**Ануар ЕРҒАЗИЕВ,
Қаражал қаласы ТЖ бөлімінің
аға анықтаушысы.**



Құрметті Қаражал қаласының тұрғындары!

Қаражал қаласы аумағында жазғы өрт қауіпсіздігі кезеңінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау мақсатында Қаражал қаласы ТЖ бөлімі ескертеді:

табиғи өрттердің негізгі себепкері адам болып табылады.

Табиғат аясында өте мұқият болу керек: сөндірілмеген темекі тұқылдарын, сіріңкелерді тастамау, сөндірілмеген алауларды, сондай-ақ, сынған шыны қалдырмау керек.

Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау қажеттілігі туралы еске саламыз.

Жеке үйлерінің аумағында құрғақ шөптер мен қоқыстарды өрт қауіпті кезінде ұқыпсыз және абайсыз түрде қолдану

апатқа айналады - осы кезеңдегі өрттердің шамамен 50% дәл осы себепті пайда болады. Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны немесе сақтамағаны үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 336, 410-баптарына сәйкес ескерту немесе айыппұл түрінде шара қолдануға алып келетін әкімшілік жауапкершілік қарастырылғанын ескеріңіз.

Құрметті азаматтар, өрт қауіпсіздігі шараларын сақтаңыздар!

**Ануар ЕРҒАЗИЕВ,
Қаражал қаласы ТЖ
бөлімінің аға анықтаушысы.**

Объявление

ТОО «Энерготранзит Компани» доводит до сведения своих потребителей, что на основании Приказа департамента Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по области Ұлытау № 25-ОД от 05.05.2026 года вводится тариф на регулируемую услугу по передаче электрической энергии в размере 5,60 тенге за 1 кВт*ч без НДС с 1 июня 2026 года.

Акция

Отбасындағы тыныштық – елдегі тұрақтылықтың кепілі

Қаражал қаласы бойынша 2026 жылғы 18 мамыр мен 8 маусым аралығында «Отбасында зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» атты республикалық акциясы өткізілуде.

Акцияның мақсаты – отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, қоғамда отбасы құндылықтарын дәріптеу, тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру және зорлық-зомбылыққа ұшыраған

азаматтарға көмек көрсету жүйесін түсіндіру.

Аталған акция аясында Қаражал қаласы полиция қызметкерлері мен қоғам белсенділері тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, сауалнама

алып, ақпараттық жадынамалар таратты. Шара барысында азаматтарға сыйластық, түсіністік пен бірлік қағидаттарын ұстанудың маңыздылығы кеңінен түсіндірілуде.

Отбасындағы тыныштық - елдегі тұрақтылықтың кепілі. Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!

**Қаражал қаласының
полиция бөлімі.**



Мәдениет

Орталық кітапханада №7 жалпы білім беретін мектебінің оқушыларының қатысуымен қазақ руханиятының көрнекті өкілі, ақын-сазгер Бәкір Тәжібаевтың 100 жылдық мерейтойына арналған «Бәкір мұрасы – ұрпаққа аманат» атты тағылымды ақпараттық сағат ұйымдастырылды. Рухани кештің негізгі мақсаты – жас ұрпаққа ақынның өнегелі өмір жолын, мол шығармашылық мұрасын кеңінен таныстырып, оның әдебиет пен мәдениет саласына қосқан өлшеусіз үлесін насихаттау болды.

Іс-шара кітапхана қабырғасында ерекше рухани атмосферада өтті. Кешке қатысқан оқушылар қазақ әдебиеті мен ән өнерінде өзіндік қолтаңбасы бар қаламгердің шығармашылығымен тереңірек танысып, оның өмірі мен еңбектері туралы құнды мағлұматтар алды. Кітапхана қызметкерлері ақынның балалық шағы, шығармашылыққа келу жолы, әдеби ортадағы орны жайында кеңінен әңгімелеп, оның поэзиясы мен әндерінің халық жүрегінен орын алғанын атап өтті.

Кеш барысында Бәкір Тәжібаевтың шығармашылық мұрасы жан-жақты насихатталды. Ақынның

Ұлттық рух пен өнеге



жүрекке жылы тиетін сыршыл өлеңдері мен ел арасында кең таралған әндері оқырман қауымға таныстырылып, олардың мазмұны мен тәрбиелік мәні түсіндірілді. Әсіресе, туған жерге, елге, анаға, адамгершілік пен достыққа арналған туындыларының жас буын тәрбиесіндегі маңызы ерекше екені айтылды.

Іс-шара аясында ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған арнайы кітап көрмесі ұйымдасты-

рылды. Көрмеге қаламгердің жыр жинақтары, естеліктер, мерзімді басылым беттерінде жарияланған мақалалар мен сирек кездесетін әдеби деректер қойылды. Оқушылар көрмені қызығушылықпен тамашалап, ақын мұрасымен жақынырақ танысуға мүмкіндік алды. Кітапхана мамандары әр кітапқа тоқталып, оның мазмұны мен тарихи маңызы жөнінде ақпарат берді.

Кештің әсерлі сәттерінің бірі

– мектеп оқушыларының ақын өлеңдерін мәнерлеп оқуы болды. Жас оқырмандар поэзияны ерекше сезіммен жеткізіп, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Сонымен қатар, оқушылар ақын шығармалары туралы өз пікірлерін айтып, оның туындыларынан алған әсерлерімен бөлісті. Бұл жас буынның әдебиетке деген қызығушылығының жоғары екенін көрсетті.

Әдеби-танымдық кеш барысында қатысушылар арасында сұрақ-жауап ұйымдастырылып, шығармашылық мұраға байланысты танымдық ойындар өткізілді. Оқушылар белсенділік танытып, қазақ әдебиеті мен өнері жайлы білімдерін ортаға салды. Осындай мазмұнды шаралар арқылы жастардың кітап оқуға деген ынтасын арттырып, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге баулу көзделді.

Сонымен қатар, кеш барысында ақын шығармашылығының бүгінгі ұрпақ тәрбиесіндегі рөлі кеңінен сөз болды. Ұлттық рухты көтеретін, адамгершілікке үндейтін шығармалардың маңыздылығы айтылып, жастарды рухани бай болуға шақыратын ойлар ортаға тасталды. Қатысушылар ақын мұрасы – ұлт мәдениетінің асыл қазынасы екенін ерекше сезінді.

«Бәкір мұрасы – ұрпаққа аманат» атты ақпараттық сағат жас ұрпақтың рухани дүниесін байытып, әдебиет пен өнерге деген сүйіспеншілігін арттырған мазмұнды әрі тәрбиелік мәні зор шара болды. Осындай тағылымды кездесулер арқылы ұлттық әдебиетімізді дәріптеу, тарихи тұлғалардың мұрасын кейінгі буынға насихаттау жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.

Тлеухор БАЙШУКЕНОВА,
Қаражал қаласының
«Орталықтандырылған
кітапханалар жүйесі» КММ
директоры.

Бәрекеді!

Спорт – ерік-жігердің, табандылық пен тынымсыз еңбектің айқын көрінісі. Әлемдік аренада көк туымызды желбіретіп, ел абыройын асқақтатып жүрген спортшылар - шынайы батырлар. Осындай намысты қолдан бермей, биік белестерді бағындырып жүрген өрендеріміздің бірі - жәйремдік Еркежан Наукенова.

Ағымдағы жылдың 18-20 сәуір аралығында Маңғыстау облысының Ақтау қаласында өткен Азия және Океания чемпионаты — жас спортшылардың шеберлігі мен қайсар мінезін сыңға салған айтулы жарыстардың бірі болды. Бұл додада қазақ елінің намысын абыроймен қорғаған жерлесіміз Еркежан Наукенова +72 келі салмақ дәрежесінде қарсыластарына еш мүмкіндік қалдырмай, сенімді түрде жеңіске жетіп, Азия және Океания чемпионатының алтын медалін иеленді.

Бұл жай ғана жеңіс емес, бұл үлкен дайындықтың, маңдай тердің, табандылық пен қайсар рухтың жемісі. Жарыс барысында Еркежан өзінің жоғары деңгейлі спорттық дайындығын, шебер тактикасын және ең бастысы,

Ел мерейін асқақтатқан Еркежан



жеңіске деген жігерін айқын көрсете білді. Әр жекпе-жекте ол қарсыласынан басым түсіп, өз мүмкіндігінің шексіз екенін дәлелдеді. Оның әр қимылы сенімді, әр

әрекеті нақты болды. Нәтижесінде, алтын тұғырға көтеріліп, ел мерейін асқақтатты.

Бұл үлкен жетістіктің артында білікті жаттықтырушылардың

ерен еңбегі жатыр. Спортшының шеберлігін шыңдап, рухын көтеріп, әр жарысқа жігерлендіріп жүрген жаттықтырушылары - Мәлдір Сатжанова мен Алмас Махамжанов. Олардың кәсіби білімі, табандылығы мен шәкіртке деген сенімі осындай жарқын жеңістердің негізі екені сөзсіз. Тәлімгерлер еңбегі әрқашан құрметке лайық.

Еркежанның бұл жеңісі тек жеке спортшының жетістігі емес, бұл өңір спортының дамып келе жатқанын көрсететін айқын дәлел. Жәйрем кентінде спортқа ерекше көңіл бөлініп, жастардың әлеуетін дамытуға жағдай жасалып жатқанының нәтижесі осындай жеңістермен айқындалып отыр. Бұл жетістік жас буынға үлгі болып, талай жас спортшыға мотивация беретіні анық.

Осындай халықаралық деңгейдегі жарыста жеңіске жету - үлкен жауапкершілік пен қажырлы еңбекті талап етеді. Еркежан осы сынақтан сүрінбей өтіп, өзінің ғана емес, бүкіл елдің сенімін ақтады. Оның жеңісі - ел рухын көтеретін, патриоттық сезімді нығайтатын ерекше оқиға.

Бүгінде Еркежан Наукенова тек чемпион ғана емес, ол табандылықтың, мақсатқа адалдықтың, қайсар мінездің символына айналып отыр. Оның жеңіс жолы алға ұмтылған әрбір жасқа үлгі. Мұндай спортшылардың жеңісі елдің еңсесін көтеретін, болашаққа деген сенімді нығайтатын үлкен оқиға. Жәйремде батыр қыздар көбейіп келе жатыр. Қуаныштымыз!

Ендеше, Азия және Океания чемпионатының жеңімпазы Еркежан Наукенованы және оның бапкерлерін шын жүректен құттықтай отырып, алдағы жарыстарда да биік белестерден көріне беруіне тілектеспіз. Жеңісті жол жалғасын, көк туымыз әрдайым биікте желбірей берсін!

Азия чемпионы атанып келген батыр қызымызды Жәйрем кентінің әкімі Қайрат Жансағымов, «Жәйрем спорт клубы» ҚБ қызметкерлері, ұстаздары, сыныптастары, ауылдың атқамінер ел ағалары кент кіре берісінен күтіп алып, чемпионға деген бар құрмет пен ілтипатты көрсетті.

Теректі ШАҒАТАЙ.

Директор
Жалғасқан ҚҰРМАНСЕЙТОВ

Бас редактор
Асель КУРБАЛОСОВА
Техникалық редактор
Айгүл БАЙПЕЛОВА

«Қазыналы өңір» газеті редакциясы
ЖШС

Қаражал қаласы, Сары Тоқа, 1
Тел: 2-61-02, k_onir2025@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және мұрағат комитетінде 2012 жылғы 22 мамыр 12759-Г куәлігімен тіркелген.

ИИН 001140000674
KZ 4060171700000329
БИК HSBKZKX AO «Halyk bank»
Код Кбе 18
Газет сенбі сайын шығады
Көлемі 2 б/т
Индекс 200122
Таралымы 1000
Тапсырыс 19

Газет «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15.
Жеке авторлар мақаласы редакция көзқарасын білдірмейді.
Мақала нақтылығына авторлар жауап береді.
Мақала авторларға қайтарылмайды.
Жарнаманың нақтылығына жарнама берушілер жауапты.